

«Мұнай және газ министрлігінің 2013 жылғы қызмет нәтижелері және негізгі орта мерзімді міндеттері туралы» деген тақырыпта 2014 жылғы 7 сәуірде өткен Үкімет сағатының қорытындылары бойынша ҰСЫНЫМДАР

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың белсенді технологиялық саясат жөніндегі тапсырмасын іске асыру мақсатында мынадай мәселелерді қарасын:

Республикалық мамандандырылған көмірсутегі кешенін дамыту жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығын құру;

мұнай алу коэффициентін арттыру жөніндегі жобаларды іске асыратын жер қойнауын пайдаланушылар үшін ынталандыру шараларының жүйесін жасау.

2. Мамандандырылған алдын ала зерттеулер жүргізуді және жер қойнауын пайдалану учаскелерін бағалауды қоса алғанда, алдыңғы қатарлы халықаралық практика негізінде жер қойынауын пайдалану құқықтарын беру жүйесін жетілдіру жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Мемлекет басшысының сервистік кластерлер жүйесін белсенді қалыптастыру жөніндегі тапсырмаларын орындау шеңберінде қосылған құны жоғары мұнай-химия өнімінің сан алуан түрлерін ала отырып, мұнайды тереңдете қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындарды құру мүмкіндігін қарасын.

4. Мұнай-газ машина жасау өнімдерін шығару және сервистік қызметтер көрсету жөніндегі кәсіпорындарды қазақстандық компаниялармен бірлесіп құратын ірі жер қойнауын пайдаланушыларды ынталандыратын жүйені әзірлесін.

5. Әлемдік нарықтардағы үрдістерді және интеграциялық процестерді ескере отырып, мұнай өнімдерінің ішкі нарығын реттеу процестерін жетілдіру мәселесін қарасын.

6. Жер қойнауын пайдаланушыларға – мұнай өнімін берушілерге олардың қайта өңдеуге берген мұнайынан алынған, мұнай өңдеу зауыттарының резервуарларындағы мұнай өнімдерін сату құқығын беру және оларды көтерме саудада мұнай өнімін берушілерге жатқызбау мәселесін қарасын.

7. Еліміздің оңтүстік өңірлерінде газдың бөлшек сауда бағасын төмендету мәселесін қарасын.